

ЖАЗУШЫ НЫҒМЕТ ҒАБДУЛЛИННИҢ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АНА ОБРАЗЫ

Бүгінгі көркем әдебиетте ана тақырыбына қалам тартпаған суреткер кемде-кем. Жарық дүниенің негізгі тұтқасы – Ана жайлы тебіреніп, қамыс қаламымен өрнектеп өшпес туындылар жасаған жазушы еңбектері ерен. Қазақ жазба әдебиетінде ана тақырыбына арналған шығармаларды сөз еткенде бірінші тілге тиек етеріміз ұлы классик жазушы Ғабит Мүсірепов еңбектері. Суреткердің әңгіме жанрында өзіндік стильдік белгілерінің бірі қазақ әдебиетіне Горький дәстүрін енгізіп, ана тақырыбының ауқымын кеңейтті. Ана туралы Горькийдің әңгімелерін аударып, әрі қазақ әйелінің, ананың жан-жақты әр қырлы тұлғасын жасады. Ана туралы новеллалар (циклі) тобы соның айғағы [2,11].

Ана туралы қалам тербеген сөз зергерлерінің бірі - жазушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нығмет Ғабдуллиннің «Ақық әже» повесі оқырманына тәлім-тәрбие берерлік еңбек. Бұл повесте қоғамымыздың біршама саяси-тарихи кезеңдері қамтылып, сол дүрбелең кезеңнің қайнаған ортасында жүріп, жүріп қана емес, қолына қару алып жаңа өмір құрысқан асыл ана бейнесі суреттелген. Повесте жалпы адамзаттың ілгері жарқын болашаққа, бақытты тұрмысқа ұмтылған арманы, сол жолдағы күрес-тартысы, қилы-қилы тарихи оқиғалардың бел ортасындағы халық, халықтың өткені мен бүгіні бейнеленген. Жазушының бұл еңбегі адамның көңіл-күйін, ішкі жан-дүниесін, арманы мен ұшқыр қиялын үлкен шеберлікпен суреттеген, өмірдің нақ өзінен алынған психологиялық туынды. Ақық әже ауылда өзіміз күнде көріп жүрген ақ жаулықты ана, көңілген нанымды кейіпкер. Шығарманың қат-қабат ішкі құрылымы, астарлы, бейнелі көркем ойы, образдар жүйесі; жазушының таланты – осының әрқайсысы бір-бірімен байланысты, бірінен-бірі туындайтын үлкен жүйе [1,4] десек бұл еңбек қоғамның қат-қабат оқиғалары мен адам тағдырын шебер көрсеткен құнды дүние. Жарық дүние есігін ашқан сәттен-ақ өмір тауқыметін басынан кешіп, өз бақыты мен жанұя бақыты үшін күресіп, жары мен балалары үшін басынан кешкен қайғы-қасірет – жалғыз Ақық ананың ғана емес сол дүрбелең заманда барша ананың басынан кешкен типтік шындық. Көркем шығармада өмірдің нақты айғағы, тарих қойнауынан алынған шынайы суреттер бейнеленеді.

Бұл еңбекте жазушы әлеуметтік негізгі тарихи оқиғаларды жеке адамның тағдырымен бірлестіре, байланыстыра суреттейді. Туынды Ақық әжейдің шөбересін мектепке апармақ болып, тәтті ұйқыда жатқан баланы оятудан басталады. Таңғы тыныштықта балбырап ұйықтап жатқан баланы оята тұра қарт әже өмірдің осы тыныштығына шүкіршілік етеді. Ойыннан басқа алаңы жоқ сәбидің ендігі қағар қанат белесі мектеп табалдырығын ашу болып табылмақ. Бұл сәби өсіріп, болашағынан үміт етіп отырған барша ананың арманы, баянды бақыты. Бала кезінде Ақық әжей мұндай бақытты басынан кешірген жоқ. Ақық әжейдің айрықша санайтын бір қағидасы – жас баланың жаны пәк; буыны бекіп, топшысы қатпаған балауса шағында оның мөлдір сезіміне дақ түспеуге керек. Ал дақ түссе, мұның таңбасы өмір бойы өшпейді және баланың жан дүниесін улайды. Есейген адамның басында кездесетін әр қилы ұнамсыз жәйттер, Ақық әжейдің ұғымынша, ең әуелі сондайлардың зардабынан болады [3,317] деген жазушы ойы жас ұрпақты тәрбиелеудегі «баланы жастан» деген халық даналығы мен айтулы ұлы педагогтардың пікірімен ұштасып жатыр. Бейбіт өмірдің тыныштығына тәубе еткен әжей өзінің сонау бабалық шағын есіне алады. Жасы тоғызға толған, білімге ұмтылып тұрған қызын әкесі ауылдағы Нұрмағамбет молдаға оқуға әкеледі. Паң молда «Оқыттың-оқыттың – ер баланды оқытпаймысың, бейбақ. Қыз қара танып

көсегенді көгерте ме?» деп алып-ұшып келген бала көңілін су сепкендей басады. Жазушы осы бір ауыз сөзбен сол кездегі қазақ қыздарының ауыр тағдырын тілге тиек ете кетеді. Қызынан басқа баласы жоқ әке жігері жасып, басын төмен сап отырып қалады. Әкенің сол қамкөңілін көрген жас сәбидің жаны шырқырап, сезімі астен-кестен болады. Ақыққа өмірдің алғашқы ащы таяғы осы молданың шыбығы болып тиеді. Жас баланың сауатын ашуға бір ешкі мен бір бұзауын қоса алған молда ақырынды «бір мырс еттің» деп көк шыбықпен жас қыздың сауырынан аямай тілгілеп мектептен қуып жібереді. Үйіне жылап қайтқан қызын әкесі:

- Жәрайды, қарағым, жәрайды, - деп жұбатады. – Ол жауыз молданың өзі де, сабағы да құрысы. Әліпті таяқ деп білмейтін әкең де күн көріп жүр ғой. Тірі болсаң, денің сау болса, қор болмасың...» деп аяулы қызының көз жасын көрген әкесі жаны шырқырап тұрса да қолдан келер дәрмен жоқ, құр жұбатып қана тынады. Бұл сонау Қазан төңкерісіне дейінгі қараңғы қазақ өміріндегі үйреншікті жайт еді. Ескі салт, кедейшілік, білімпаз ұстаздардың жоқтығы - жарық сәулеге, білімге ұмтылған қазақ жастарының алдында тұрған тұңғиық шымырау болатын. Әкешесінен он жасында айрылып, жамағайындарының қолында жүрген Ақықтың жасы он беске толған шағында басына құрық түседі. «Қара сақалды, бадырайған үлкен көзді» біреу әйел үстіне тоқалдыққа алмақ болып айттыра келеді. Жас қызды сатып, қалыңмал алмақшы болған ағайындары келісіп те қояды. Бұл сұмдықты естіп зар илеген Ақықты «өзінен екі жас үлкен Қалиасқар деген бала» құтқарады. Бір түнде ауылдан атқа мінгестіре алып шығып, нағашысының үйінде паналатады. Қиындықта қол ұшын беріп, қорған болған «баланы» ойлағанда жүрегі лүпілдеп кетеді. Бұрын білінбеген, ерекше дірілі бар елжіреген лүпіл. Бұл – алғашқы махаббаттың жүрекке туған нәзік толқыны еді [3,337] дейді жазушы. Бірін-бірі шын сүйген екі жас екі жылдан соң отау көтереді. Екі балалы болып «жас отаудың сәні артып, қызығы көбейе бастаған» шақта «кенет бәрін ұйқы-тұйқы қып, құйын соғып өтеді». Жас семьяны бірінші дүниежүзілік соғыстың ызғырығы қарыды. 1916 жылы патша өкіметі қазақтан майданның қара жұмысына солдат алуға жарлық қылғанда, сол әмірдің құрығына алдымен іліккендердің бірі – Қалиасқар болды [3,337]. Сол сапарынан Қалиасқар төрт жылдан соң оралды. Ауылда өскен қазақ жасы енді өмірді көре саяси сауаты ашылып, әлеуметтік өмірге араласа бастайды. Үйден аттанғанда үстінде түйе жүн шекпені, басында түлкі малақайы, аяғында ұзын қонышты байпақты етігі бар еді, енді үстінде әскери киім: омырауындағы жапсырма ілгектері, жағасының ұштары шоқтай қызыл сұр шинель, басында төбесі шошақ, маңдайында қызыл белгі бар, - бес тармақты жұлдыз бейнесі бар [3,337]. Сөйтіп, рухани өзгерген «Қалиасқар Қызыл Армияның жасағы қатарында жауынгерлік жол шегеді, революция жорығына қатысады, азамат соғысына араласады. Жау күйреп, елде тыныштық орнаған соң, туған жеріне, үйіне оралады». [3,338]. Жаңалық жаршысы Қалиасқар қараңғылықта қарманып жүрген халқын көріп, «ел күйін көп толғанады». «Жаңалыққа жаны құмар» Ақық сауатын ашып, хат тануды арман етеді. Арманы орындалады да. Қалиасқар «аз күнде әріп танытып» шығарады. Хат таныған соң үзбей ізденіп, өз бетінше оқыған Ақық - «ауылдағы қызыл отау бастығы» болады. Бұл кезде Қалиасқар ауылдық советтің председателі болатын. Әр қойнауға шашырап отырған ұсақ ауылдар бір артельге бірігіп былтыр колхоз боп құрылғанда, ол бұл қызметке осы жердің көзі ашық азаматы ретінде сайланып қойылған-ды. Кедейлерге жер бөлу, ірі байларды конфискелеу сияқты мемлекеттік шараларды жүзеге асыруға белсене араласқан [3,340]. Сол себепті тісін қайрап жүрген ірі байлар әулеті ақыры Қалиасқарды атып өлтіреді. Жарынан айрылып жер таянып қалған Ақық рухы жеңілмейді. Қалиасқардың бұрышты ілулі тұрған қосауыз мылтығын алып, - Жаудың жатқан жеріне барамын. Кегімді аламын [3,342] деп атқа қонады. Қасындағы он шақты кісімен жаудың ізіне түсіп, қуып жетіп «желкесінен бүріп ап, ат үстінен жұлып түсіреді» [3,343] деп суреттейді жазушы. Бұл да Ақық образын ашуда жақсы қызмет етіп тұр. Қалиасқар қаза болғаннан кейін, Ақықты жұрт оның орнына сайлайды. Ерінің бастаған ісін Ақық ілгері апарды. Кәрілік жетіп, қашан пенсияға шыққанға дейін ол осы жауапты

істің басында болады. Ақық әжейге ауыр тиген тағдыр соққысы екі баласынан бірдей айрылғаны еді. Ұлы Отан соғысы басталған жылы екі ұлы – Есен мен Бекен майданға бір күні аттанған еді. Екеуі де оралмады. 1943 жылдың күзінде Есен қаза тапты деген қара қағаз келді. Екі айдан кейін Бекен жөнінде де осындай суық хабар болды. Екеуінен келген қара қағазды да Ақық өз қолына алып оқыды [3,343]. Үлкен ұлы Есеннің артында Хайдар атты ұлы қалады. Хайдардың туған анасы мұның бір жасқа толар-толмас шағында жүрек сырқатынан қайтыс болған [3,314]. Міне, жазушы суреттеп отырған тарихи оқиғалардың барлығында Ақық әже өмірдің қайнаған бел ортасында жүрген. Барлық жағдайда да әжейге тағдыр ауыр салмағын салып баққан. Сонда да қажымайды әже. Ендігі өмірден бір күтер үміті – халық тыныштығы, бейбіт өмір, халқының, жалғыз тұяқ немересі Хайдардың амандығы болады. Хайдарды өз қолымен оқытып, саналы адам етіп тәрбиелеп өсіреді. Кейін Хайдары үйленіп, әйелі екеуі қыста да, жазда да мал басында, далада болады. Хайдардың ұлы Сәлімді әжей өз қолына алып, мектепке де өзі апарды. «Қой, шырақтарым, сене алмаймын. Сәлім-тайым өз қасымда болады. Сағынсаңдар үйге өздерің кеп тұрындар», деп, Ақық қария шөбересін қолынан шығармайтын.

Еңбекке қайнап піскен Ақықтай әже тәрбиесін көріп өскен Хайдардан еңбек адамының нақты, шынайы бейнесін танимыз.

Бұл туындыда жазушы қарапайым ауыл әйелінің біртіндеп өсу жолын көрсетеді. Осы повесть қазақ топыра-ғындағы барлық саяси оқиғаларды шолып өткен десек те болады. Сол кездегі қазақ ауылындағы оқу мәселесі, 1916 жылғы патша өкіметінің қара жұмысқа қазақтан солдат алуы, Қазан төңкерісі, соған орай ауылдағы өзгерістер, байларды конфискациялау, колхоздардың құрылуы мен дамуы, 1941 жылғы Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын көтеру, міне, осы басты тақырыптарды повесть түгел бойына жинақтаған. Осы тарихи-саяси оқиғалар ауыл әйелінің тікелей қатысуымен өз басынан өткеріп, өз бақытын құру жолындағы күресін көрсетеді. Жазушы идеясы көркем образ арқылы танылса, шығарманың құндылығын анықтайтын белгінің бірі образ болмақ [1,15]. Осы негізде Ақық әже образы біршама жақсы ашылған, шынайы бейнеленген деп айта аламыз. Әдебиетті алдымен адамтану, сол арқылы қоғамтану деп қарасақ, әр жазушы өз қаһарманының бойына тән ерекшеліктерді жинақтап типтік образ жасайды. Мұндай образ жасау шеберлік, талант, талғамның басы қосылғанда ғана тумак [1,15].

Жазушы «Ақық әже» повесінде күрделі өмірдің әр саласын қамтып, шым-шытырық тартысқа құрылмаған, оқиғадан көрі психологизмге көңіл бөліп, адамдардың қарым-қатынасын, басынан өткен күнделікті қарапайым өмірін суреттей отырып, тәрбие, адамгершілік, еңбекке баулу мәселелерін көтерген. Жазушы өмірдегі мың сан адам басындағы күнделікті өмірді қарапайым тілмен суреттей отырып, барлық образдар түбін жалғыз Ақық әженің бойына жинақтап типтік образ жасаған. Ақық әже бойында ақылдылық, батылдық, еңбек сүйгіштік, балаларын сүю қасиеттері бар.

Суреткер – белгілі бір дәуір перзенті. Оның шығармашылығы сол өмірдің сәулесі, көрінісі. Сондықтан жазушы шығармалары өз дәуірінің әлеуметтік тіршілігінен, арпалысынан оқшау болуы мүмкін емес. Бірде-бір шынайы суреткер өз заманының саяси-әлеуметтік мәселеріне үн қоспай, араласпай қалмақ емес [1,7]. Жазушы шағын –шағын оқиға желісі арқылы үлкен түйін жасай білген. Бар ананың өмірдегі тілеуі ұрпақ амандығы екендігі қақ! Ақық әже «Сендерсің – тынысым, сендердің – тынысым!» дей берді [3,321]. Осыдан кейін Ақық әже жайында еш нәрсе айтудың керегі жоқ, жазушының осы бейнелеуінде қарт әженің ішкі жан дүниесі бар қырынан сипат береді.

Жазушы шығармада тарихи оқиғаларды тілге тиек етіп Ақық әже күресін суреттей отыра барлық аналардың балаға деген, өз ұрпағына деген аналық сүйіспеншілігін көрсетеді. Сондықтан да жоғарыда сөз еткен тарихи-саяси оқиғаларды баяндау түрінде беріп, басты орынға Ақық әжейдің аналық сүйіспеншілігін сомдаған, шығармада аналық махаббат, аналық сүйіспеншілік, мейірімділік, еңбек сүйгіштік қасиеттер шынайы көрсетілген. «Құлындарым... Өрен-дерім... сендерсің менің қуатым. Сендерсің өмірімнің өзегі! – деп Ақық әже іштей тебіреніп қалды..- Көңіліме жүдеулік кірмейтіні, жадырап отыратыным – осы смендердің арқаң. Сендер аман болыңдаршы! Сендер қуанып жүріңдерші!..» [3,315] деген әже шүкіршілігі барлық аналардың жүрек жарды тілегі мен арманы.

Қорыта келгенде, жазушының «Ақық әжей» шығармасы ана тақырыбына арналған, аналық махаббатты, сүйіспен-шілікті, аналық ұлы мейірімділікті көрсеткен шынайы туынды. Шығармадан бүгінде желекті жас аналар мен өрімдей жас қыздардың үйренері көп, тәлім аларлық, жас ұрпаққа аналық қасиеттерді ұғындырар біртума еңбек.

Әдебиеттер

1. Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. –Алматы, 1998.
2. Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. –Алматы, 1988.
3. Ғабдуллин Н. Кейінгі толқын. –Алматы, 1976.